

Халықаралық тәжірибені зерделеуді есепке ала отырып, бизнес-үдерістерді оңтайландыру, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтан талап етілетін құжаттар санын қысқарту және оларды автоматтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 48-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 114-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2011.08.26 № 114-ө Өкімімен.

Халықаралық тәжірибені зерделеуді есепке ала отырып, бизнес-үдерістерді оңтайландыру, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтан талап етілетін құжаттар санын қысқарту және оларды автоматтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|----------------------|---|
| Жұмағалиев | - Қазақстан Республикасының Байланыс және |
| Асқар Қуанышұлы | ақпарат министрі, жетекші |
| Сәрсенов | - Қазақстан Республикасының Байланыс |
| Сәкен Сейітжаппарұлы | және ақпарат вице-министрі, жетекшінің |
| | орынбасары |
| Сәдуақасова | - Қазақстан Республикасы Байланыс және |
| Жанат Жолдасқызы | ақпарат министрлігінің Ақпараттық |
| | технологиялар саласындағы мемлекеттік |
| | саясат департаменті электрондық |
| | қызметтерді дамыту басқармасының |
| | бастығы, хатшы |
| Ыбыраева | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі |
| Амангүл Құмарбекқызы | Кеңсесінің Мемлекеттік қызмет және кадр |
| | жұмысы бөлімі меңгерушісінің орынбасары |
| Аюпов | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі |
| Рашид Абатоллаұлы | Кеңсесінің Мемлекеттік қызмет және кадр |
| | жұмысы бөлімінің сектор меңгерушісі |
| Мусин | - Қазақстан Республикасы Байланыс және |
| Бағдат Батырбекұлы | ақпарат министрлігі Мемлекеттік |
| | қызметтерді автоматтандыруды бақылау |

және халыққа қызмет көрсету
орталықтарының қызметін үйлестіру
комитеті төрағасының орынбасары

Евдокимов - Қазақстан Республикасы Экономикалық
Сергей Викторович даму және сауда министрлігінің
Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту
департаменті директорының орынбасары

Шекимова - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Людмила Николаевна қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік
қызметті құқықтық қамтамасыз ету
департаменті директорының орынбасары
(келісім бойынша)

Бектенов - Қазақстан Республикасы Әділет
Олжас Абайұлы министрлігі Тіркеу қызметі және
құқықтық көмек көрсету комитеті
төрағасының орынбасары

Жұмаділдаев - Қазақстан Республикасы Қаржы
Әнуар Серқұлұлы министрлігінің Салық комитеті
төрағасының орынбасары

2. Жұмыс тобы кезең-кезеңімен 2011 жылғы 10 мамырға және 15 қазанға дейінгі мерзімде халықаралық тәжірибені зерделеуді есепке ала отырып, бизнес-үдерістерді оңтайландыру, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтан талап етілетін құжаттар санын қысқарту және оларды автоматтандыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізісін;

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаевқа жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов